



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• 7М01402 – Музыка (ҚОС ДИПЛОМ)

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ	Сапалы білім беру мазмұнын құруға және музыкалық білім беру саласындағы оқу процесін ұйымдастыруға қабілетті, пәндік, кәсіби, коммуникативті, мәдени құзыреттіліктері бар мұғалімді, магистрді даярлау.
КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ АЙМАҒЫ	Білім беру қызметін ұйымдастыруға, өткізуге, бақылауға және бағалауға байланысты мемлекеттік органдар: - орта білім беру ұйымдары (ресми және ресми емес музыкалық білім); - орта арнаулы білім беруді ұйымдары; - білім басқару мен бөлімдері; - музыкалық білім беру мәселелерін зерттеумен айналысатын университеттер мен ғылыми ұйымдар

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОТ)

ОТ 1 – пәндік кәсіптік білім принциптеріне, музыкалық-педагогикалық өлшемдердің ерекшеліктеріне, музыкалық білім беру жүйесінің даму тенденцияларына сүйене отырып, мамандықтың жоғары әлеуметтік мәнін *түсінеді*;

ОТ 2 – өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайларда өмір сүруге дайын интеллектуалды, физикалық және эстетикалық дамыған, сыни ойлаумен тұлғаны қалыптастыруға бағытталған музыкалық білім беру процесін *модельдейді*;

ОТ 3 – әр түрлі жас деңгейлеріндегі психофизиологиялық және музыкалық дамудың жалпы, ерекше және жеке ерекшеліктерін, сондай-ақ музыкалық білім беру құндылықтарын *ескереді*;

ОТ 4 - музыкалық-педагогикалық қызмет құбылыстарын жүйелі түсіндіру үшін әр түрлі ақпарат көздерінен алынған ақпараттарға шығармашылық, зерттеушілік көзқарасты көрсете отырып, *талдайды, синтездейді*;

ОТ 5 – этномәдени және конфессиялық айырмашылықтар мен қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымының ерекшеліктерін, ұлттық тәрбиенің заңдылықтары мен принциптерін ескере отырып, көпмәдени ортада кәсіби қызметті жүзеге *асырады*;

ОТ 6 – психологиялық және физиологиялық даму аспектілері негізінде музыкалық пәндерді оқыту әдістемесін жетілдіру үшін білім беру менеджменті, музыкалық білім берудің теориясы мен практикасы, музыкалық-педагогикалық өлшемдер салаларында дағдыларды *қолданады*;

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОТ)

ОТ 7 – ресми және ресми емес музыкалық білім беру саласындағы оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістерін *жобалайды, таңдайды және қолданады;*

ОТ 8 – ынтымақтастық, интеграция және өзектілік принциптеріне негізделген музыкалық білім беруде принциптерді, тәсілдерді және инновациялық әдістерді *қолданады;*

ОТ 9 – жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді түрде тарта отырып, білім беру үдерісіндегі музыкалық білім беру саласындағы ақпараттарды *талдайды* және *шығармашылық түрлендіреді;* оқушылардың музыкалық шығармашылығының, эмоционалды **мәнерлігін**, аналитикалық және сыни ойлауының дамуына *ықпал етеді;*

ОТ 10 – мәдени-эстетикалық құндылықтарды, ұлттық мәдениеттер әртүрлілігінің бірегейлігін беру және сақтау мақсатында әлемдік музыкалық білімнің озық тәжірибесін *жүйелендіреді;*

ОТ 11 – білім беру процесін *жоспарлайды;* аналитикалық және рефлексиялық қызметті *жақсартады;* сабақтарын *өткізеді;* өз жұмысының нәтижесі үшін *жауап береді;* өзгеріп отырған еңбек нарығына оқушылардың бейімделуіне қажетті құзыреттіліктерді дамыту үшін музыкалық білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу практикасын қоса, кәсіби мәселелерді шешуде пәнаралық және ведомствоаралық өзара әрекеттестікті жүзеге *асырады;*

ОТ 12 – музыкалық оқу үдерісін *жобалайды* және *құра алады;* музыкалық білім беру процесінің нақты жағдайында педагогикалық экспериментті *жоспарлайды* және *жүргізеді.*